

# МҰРАТБАЕВ NEWS



## «Мектептерге арналған PISA» халықаралық зерттеуі

## “ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ” АЙЛЫҒЫ

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылыққа негізделген “Құрмет көрсету” айлығы бастау алды.

# ОЛИМПИАДА 2023


Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың бірінші (бастапқы) кезеңі 2023 жылдың 20-30 қарашасы аралығында өтеді. Аталған шараның бүгін 20 қараша күні Ғани Мұратбаев гимназиясында ашылу салтанаты өтті. Олимпиаданың мақсаты- ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілеттерін анықтау, олардың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануына жағдай жасау.



# "Цифрлық білім беру ресурстары" оқыту курсы

Эксперимент алаңының жұмыс жоспарына сәйкес 31 қазан -3 қараша күндері аралығында гимназия мұғалімдеріне білім беру саласындағы мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын құру және пайдалану саласындағы біліктілігін арттыруға арналған "Цифрлық білім беру ресурстары" тақырыбында оқыту курсы ұйымдастырылды.

Курстың мақсаты-тыңдаушыларда цифрлық білім беру ресурстарын құру және пайдалану үшін қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру.



# "Оқуға құштар мектеп" жобасы

Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының, оқу арқылы жетілуінің, кемелденуінің арқасында қол жеткен дамылсыз даму үрдісінің жемісі, өткен тарихы мен өмірлік тағылым-танымының алтын сандығы. 21.11.2023 ж.күні гимназияда "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Жас оқырмандар" алаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі З.А.Момушеваның ұйымдастыруымен 5 "Ә", "Б" сынып оқушыларымен Сайын Мұратбековтің "Жусан иісі" повесін талдау сағаты өткізілді. Повесті талқылау барысында оқушылар шығармадағы кейіпкерлер жүйесін талдап, кейіпкерлер бейнесі арқылы өмір шындығын көрсетіп, повестегі рухани құндылықтарды анықтап, өмірмен салыстырып бағасын берді.



# «Мектептерге арналған PISA» халықаралық зерттеуі

PISA – 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған академиялық білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда пайдалану және табысты әлеуметтану біліктерін анықтауға бағытталған халықаралық зерттеу. «Мектептерге арналған PISA» зерттеуі PISA дәстүрлі зерттеудің әдіснамасына негізделген және мектептің білім беру жетістіктерінің жан-жақты көрінісін қалыптастыра отырып, оқу, математика мен жаратылыстану ғылымдары сынды функционалды сауаттылықтың негізгі дағдыларын бағалайды.

17 қараша күні «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясынан 15,3-тен 16,2-ге дейінгі жас аралығындағы

50 білім алушы қатысты. Оқушыларға оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша тапсырмалар берілді. Білім алушылардың іскерлік дағдысы, сыни ойлауы, логикасы, функционалдық сауаттылығы тексерілді.

# КІТАП БІЛІМ БҰЛАҒЫ, БІЛІМ ӨМІР ШЫРАҒЫ.

Гимназия кітап қорын әр саладағы әдебиеттер мен балаларға арналған кітаптармен толықтыру, қазақ әдебиетінің кітаптарын насихаттау, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу, оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатымен «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы және «Буккроссинг» ктап алмасу бұрышы ұйымдастырылды. Акцияға 2000 жылдан бастап жарық көрген қазақ және орыс тілдеріндегі: тарихи, құқықтық, көркем және балалар әдебиеті тақырыптарындағы заманауи әдебиеттер қабылданды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары акцияға белсене қатысып, кітапханаға 33 дана кітап сыйға тартты.



# ТІЛ ҒҰМЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ.

2023 жылдың 21 қарашасында гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің "Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры" атты онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары С.Н.Рамазанов қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің онкүндігін ашық деп жариялап, білім алушыларды белсенді қатысуға шақырды. Іс-шара барысында білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдарды ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру мақсатында гимназия білім алушылары өлең оқып, викториналық сұрақтарға жауап берді. Белсенді қатысқан оқушылар мен ұстаздарға ынталандыру сыйлықтары таратылды.



# ДЕБАТ ОЙЫНДАРЫ

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген “Құрмет” айлығына және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы “Теңгеге 30 жыл” толуына орай гимназиясында “Теңге-Тәуелсіздік белгісі” атты мектепшілік турнир ұйымдастырды .

Турнирді қорытындылай келе

1-орын

Кененқызы Назерке

Саин Раяна

2-орын

Нұрхан Құралай

Елнұрқызы Айым

3-орын

Ақжолтай Еркеназ

Маматқұлова Ақмерей

Үздік талпыныс

Есенқожа Бекнұр

Үздік кейс

Марсқызы Әсел

Үздік спикер

Қайрат Нұрай

Ең үздік спикер

Тазабек Шұғыла





# “Тарихы терең Таразым” тарихқа саяхат

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру мақсатында құндылықтарға негізделген “Құрмет” айлығы аясында “Тарихы терең Таразым” атты оқушыларға тарихи ескерткіштерге, “Тектұрмас” этномәдени кешеніне, “Көне Тараз” тарихи-этномәдени кешеніне саяхат ұйымдастырылып, ұлттық тарихымызға құрмет көрсетілді. Оқушылар саяхаттан жақсы әсер алып, туып өскен жері жайындағы тарихынан білімдерін кеңейтті.

#Біртұтас тәрбие

@oqu\_agartu\_ministirligi

@gani.beisembayev

@medetbekovameruert #Біртұтас тәрбие жамбыл



# ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Жас мамандарға тәжірибе бөлісу мақсатында гимназия мұғалімдері Ж. Диханбаева, А. Жамалова, З. Қожахметова «Сабақты тиімді жоспарлау – сапалы білімнің кепілі», «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау» тақырыптарында коучинг өткізді. Коучингтің мақсаты жас мұғалімдердің сабақты жоспарлау дағдыларын дамыту; оқу үшін бағалау және оқуды бағалау туралы түсінік беру; қалыптастырушы және жиынтық бағалау, өзара және өзін-өзі бағалау, табыс критерийлерімен таныстыру. Коучинг барысында мұғалімдер қысқа мерзімді сабақ жоспарын жоспарлау кезінде кездесетін кедергілерді анықтап, тәжірибеден кейстердің шешімін шығарды. Әр пәннен тапсырма дайындап, берілген тапсырмаларға критерий құрып, бағалау парағын әзірледі.



# ЕСІРТКІ – ҚОҒАМ ДЕРТІ.

Гимназиямызда оқушыларға арналған “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында кешенді жоспарына сәйкес ауданымыздың мүдделі органдарымен құқықтық білім беру және жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтардың алдын алу және есірткінің зияны жайында “Есірткі - қоғам дерті” атты кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Байзақ ауданы прокуратурасының прокуроры Телеуов Санжар Маратұлы, АІБ кәмелетке толмағандар ісі жөнінде инспекторы Аймбеков Рақым қатысып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


#Біртұтас тәрбие

@oqu\_agartu\_ministirligi





## Информатика пәні бойынша ҰБТ тапсырмаларын дайындау және оқыту платформалары

Байзақ ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында "Информатика пәні бойынша ҰБТ тапсырмаларын дайындау және оқыту платформалары" тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті. Семинарға жалпы 35 мұғалім қатысты. Гимназия мұғалімдері Д.Көлбаева, Д.Стамкулова, Н.Усарова, Т.Жунисов, Ш.Қайыпназаров өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.



## Информатика пәні бойынша ҰБТ тапсырмаларын дайындау және оқыту платформалары

Байзақ ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Гани Мұратбаев атындағы гимназиясында "Информатика пәні бойынша ҰБТ тапсырмаларын дайындау және оқыту платформалары" тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті. Семинарға жалпы 35 мұғалім қатысты. Гимназия мұғалімдері Д.Көлбаева, Д.Стамкулова, Н.Усарова, Т.Жунисов, Ш.Қайыпназаров өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.



# «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Күннен-күнге өткен сайын әжесі келмейтін болып, алыстай бастады. Оның бейіті Ұлытаудың бөктерінде алыста қалды. Ауыл тау асып көшіп кетті. Әжесі тірі болған күн Қасымның көңілінен сұлу сағымдай, жазғытұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай боп жоғала бастады. Әжесінің мұны уатып айтатын ертегісі, кешкі мезгілде алдына алып күпісіне орап отырып, тербетіп айтатын сезімді қоңыр әні де жоғалды. Өшті. Қасымның үмітті жарық күні де батты. Әжесі өткен соң «жақынымын» деп, жаны ашыған ие болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке-шешесінен отыз шақты қой, он шақты қара қалып еді.

Исаға Қасымның малын берерде жұрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа!» — деп тапсырған болып беріп еді.



М.Әуезов. «Жетім»